

## ПРОПОЛКИ

ҚАНТСЫЗ

Соруға арналған балауыз және С дәрумені бар, лимон дәмді мұзкәмпиттер  
Ауыз қуысы мен тамақтың қабыну процесстері кезіндегі жағдайды жақсартады  
Ағзаның қарсы тұру қабілетінің жоғарылауына ықпал етеді

### Құрамы

Бір мұзкәмпиттің құрамында 3,411 г изомальт (Е 953) тәттілендіргіш, 0,035 г балауыз сығындысы, 0,026 г лимон қышқылы (Е 330) қышқылдық реттеуіш, 0,020 г С дәрумені (аскорбин қышқылы), 0,005 г лимон хош иісі, табиғи (лимон майы), 0,0015 г калий ацесульфамы (Е 950) тәттілендіргіш, 0,0015 г аспартам (Е 951) тәттілендіргіш.

### Әсері

Балауыз қабынуға қарсы және бактерицидті әсер етеді. Балауыздың құрамындағы флавоноидтар ағзаның қарсылыстығын жоғарылатады. Қантсыз ПРОПОЛКИ ауыз қуысы мен тамақтың қабыну процесстері кезінде жеңілдеткіш әсер береді. Ағзаның табиғи қорғанысын нығайтады.

### Қолдану жөніндегі нұсқаулық

ПРОПОЛКИ ұсынылады:

- тамақ пен ауыз қуысының қабыну процесстері кезінде жағдайды жақсарту үшін
- ағзаның қарсы тұру қабілетін жоғарылату үшін
- маусымдық суық тию ауруларының ықтималдығын төмендету үшін

### Қолдану тәсілі

Күніне 1-5 мұзкәмпиттен. Балауыздың белсенді заттары ауыз қуысы мен тамақтың шырышты қабығына тиімді әсер ету үшін мұзкәмпиттерді баяу сору керек.

### Қарсы көрсетілімдер

Құрамындағы заттарға жекеше түрде көтере алмаушылық. Ара өнімдеріне жоғары сезімталдығында ұсынылмайды. Өнімнің құрамында фенилаланиннің көзі - аспартам бар, сондықтан фенилкетонуриясы бар науқастарға оны қолданбаған жөн. Белгіленген тәуліктік дозаны арттырмау керек.

### Шығарылу түрі

Блистерде 8 мұзкәмпит. 2 блистерден қолданылуы жөніндегі мемлекеттік және орыс тілдеріндегі нұсқаулықпен бірге картон пәшкеге салады.

### Сақтау шарттары

2-25°C температурада сақтау керек. Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек.

### Сақтау мерзімі

Өндірілген күнінен бастап 36 ай. Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды.

### Дәріханалардан босатылу шарттары

Рецептсіз

### Өндіруші

Perentes S.A. (А.Қ. Непентес)

Гвездиста к-сі 69F

01-651 Варшава

**Қазақстан Республикасы аумағында тұтынушылардан өнім (тауар) сапасына қатысты шағымдарды қабылдайтын ұйымның мекенжайы**

«Санofi-авентис Қазақстан» ЖШС

Қазақстан Республикасы, 050016, Алматы қ., Қонаев к-сі 21б

телефон: 8-727-244-50-96

факс: 8-727-258-25-96

e-mail: [quality.info@sanofi.com](mailto:quality.info@sanofi.com)

Дәрі емес, ББҚ.

Мемлекеттік тіркеу куәлігі №KZ.16.01.78.003.E.003880.07.12 тіркеу мерзімі 05.07.12